

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
тақырыбына арналған құқықтық оқыту мектебі
бойынша сабақтың**

ХАТТАМАСЫ

Қасқасу ауылы

03.04.2021 ж

Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі қызметкерлері

Қатысқандар-тізім бойынша

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы тақырыбына-баяндамашы
Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі директорының
тәрбиес ісі жөніндегі орынбасары Т.Сазанбаев

Баяндамашы өз сөзінде қызметкерлерді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі заңына
сәйкес түсініктеме беріп өтті.

Сондай-ақ, аталған Заң талаптары бұзылған жағдайда қандай жауапкершілік
қаралатынын баяндады

Сабақтың соңында сұрақ болған жоқ.

Сабақ 30 минут шамасында өтті.

Жиналыс төрағасы:



Т. Сазанбаев

Хаттаманы жүргізген



А. Жапбашева

«Бекітемін»
Мектеп директоры: 
К. Аuezбаев



**«Қасқасу шағын жинақты жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп
клубының 2020-2021 оқу жылына
арналған
жұмыс жоспары**

Клуб (Сынып) жетекшісі: Жардашева А

«Адал Ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыс жоспары

Мақсаты: Ар- ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу. Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті құқықтық сананы қалыптастыру

Құндылықтары: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымды қалыптастыру болып табылады. Мәңгілік Ел идеологиясының «түпқазығы» жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттау. **Нәтижесі:** Қоғамға ашық және есеп беретін мемлекет қалыптастыруға бағытталған міндеттерді шешу барысындағы Қазақстанның жетістіктерін паш ету, құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің базалық принциптері туралы және біздің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктерін білгізу.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын ұйымдастыру, жоспарын жасап бекіту.	Қыркүйек	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2.	Ата-аналармен жұмыс барысында құқық тық тәрбиелеуде және құқық бұзушылық тарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруға отбасы ның ролін көрсету	Қазан	ДТІЖО, Педагог-психолог, Аға тәлімгер
3.	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» 11 -сынып	Қараша	Сынып жетекші Тарих пән мұғалімдері
4.	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы 2-6 сыныптар	Желтоқсан	ДТІЖО, Бейнелеу пән мұғалімдері
5.	Еліміздің сайлау қағидаларына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік ролдік ойыны. 7-8 сынып	Қаңтар	ДТІЖО, ӘБЖ сынжет Уриқбаева, Турекулова
6.	«Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемле кеттік қызметкерлермен кездесу 11 -сын	Ақпан	ДТІЖО, әлеуметтік педагог сынып жетекші
7.	«Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» дөңгелек үстел. 9 -сынып	Наурыз	Өзін-өзі тану пән мұғалімдері Сынжет Мамаева
8.	«Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы 5-7 сынып	Сәуір	Қазақ тілі пән мұғалімдері
9.	«Транспарентті және есеп беретін мемле кет» бейнероликтер байқауы Байқаудың басты мақсаты – ашық және қоғамға есеп беретін мемлекетті қалыптастыруға бағыт талған міндеттерді шешудегі Қазақстан ның жетістіктерін көрсету. 8-9 сынып	Мамыр	Сынып жетекші Уриқбаева С. Мамаева Г.

**«Қасқасу шағын жинақты жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің 2020-2021 оқу жылына
арналған рухани-адамгершілік және
азаматтық-патриоттық тәрбиелеу
контекстінде сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті
мектеп ортасында қалыптастыру
бағдарламасы**

(мектептің 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық кешенді тәрбие
жоспарына қосымша)

Мәлімет

«Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді» тақырыбында 4 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларға адалдықты өмірде қолдана білудің маңыздылығын түсіндіру.
2. Оқушылардың бойында әділдік, шыншылдық қасиеттерін дамыту.
3. Оқушыларды әділ, шыншыл, адамгершілікпен өмір сүруге тәрбиелеу.



Сынып жетекші:

Н.Сейтбекова

“Адал ұрпақ” еріктілер клубы



Хаттама № 1

Күн тәртібінде : «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарын құру

Қатысқандар: Ұйымға жауапты қызметкерлер

Мерзімі: « 8» қыркүйек

Модернизация бойынша Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған «100 нақты қадам- Ұлт жоспарының» қадамдарын практикалық тұрғыдан іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспарының 13-қадамының 9 тармағын орындау шеберінде рухани – адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контексінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында елімізде орын алып жатқан жағдайға байланысты клубтың жұмыс жоспары жасалды.

Жоспарларда іс-шаралардың атаулары, олардың орындалуына жауаптылары, қатысушылары, орындалу мерзімдері болуы ескерілді. Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу ұсынылады. Осы жас тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті-құқықтық сананы қалыптастыру Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істегенде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жүйесінің басты міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымда қалыптастыру болып табылады. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

3.1 Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.

3.2 Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.

3.3 Жаппай - мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады

Қаулы: «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бекітілсін, ереже, жоспарға сай жұмыс жүргізілсін.

Ұйымдастырушы педагог:



Есенқұлов Е

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ.

Жемқорлық – індет

Аластау – міндет

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтартуға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді.